



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 22 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2008 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕ

Халықаралық резервтер, ақша базасы
және ағымдағы жылғы шілдеде
ноталар шығарудың кестесі туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 30 маусымда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	21 230,2	21 000,1
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	19 171,4	19171,4
Алтын	2 058,8	1 828,7
Ақша базасы, млрд. теңге	1 753,0	1 753,0
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 532,5	1 532,5
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	220,3	220,3
КЗТ/USD (кезең аяғында)	120,75	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	932,75	828,50

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы маусымда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 1,1%-ға (немесе 242,9 млн. долл.) төмендеді.

Ішкі валюта нарығында валюта сатып алу бойынша операциялар, Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуі Ұлттық қордың активтерін толықтыру, Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялармен бейтараптандырылды, бұдан басқа екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтары төмендеді.

Нәтижесінде, таза валюта қорлары (СКВ) 360,7 млн. долл. азайды, әлемдік нарықтардағы бағасының 6,1% ұлғаюы нәтижесінде алтындағы активтер 117,8 млн. долл. өсті.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 25 667,3 млн. долл.) 46 900,4 млн. долл. дейін

3,0% ұлғайды.

Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі 2008 жылғы маусымда ақша базасының 3,4%-ға (немесе 58,0 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.

2. Ұлттық Банк ноталарының 2008 жылғы шілдеде шығарылу кестесі.

2008 жылғы шілдеде Ұлттық Банк Кестеге сәйкес қысқа мерзімді ноталардың 4 аукционын өткізеді.

Күні	Айналыс мерзімі, күн	Шығарылымның жарияланған көлемі, млрд. теңге
04.07.2008	28	50
11.07.2008	28	50
18.07.2008	28	50
25.07.2008	91	50